

**БЕКІТЕМІН**  
«Қарағанды облысының  
мәдениет, архивтер және  
құжаттама басқармасы»  
ММ басшысының м.а.  
  
Е. Нелдібаев  
«\_\_\_» 2024 ж.

**Қарағанды қаласының 90 жылдығына арналған  
«Қарағандының өшпес есімдері»  
облыстық бейнерепортаждар байқауының  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1 Бұл ереже Қарағанды қаласының 90 жылдығына арналған «Қарағандының өшпес есімдері» облыстық бейнерепортаждар байқауын (бұдан әрі-Байқау) үйымдастыруға және өткізуге қойылатын мақсаттарды, міндеттерді, шарттарды, тәртіпті, мерзімдерді және басқа да талаптарды айқындайды.

1.2 Байқауға қаланың дамуына үлкен үлесін қосқан, қосып келе жатқан қарағандылықтар туралы қазақ немесе орыс тілдерінде бейнерепортаждар қабылданады.

1.3 «Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» ММ қолдауымен «Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы» КММ (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) байқауды үйымдастырушы және дайындауға, үйымдастыруға және өткізуге жауапты тарап болып табылады.

1.4 Осы Ережеде көрсетілген нормалар мен талаптар қайта қарауға және өзгертуге жатпайды. Байқауға қатысушылар әдеп бойынша осы Ереженің барлық талаптарын орындауға келіседі.

**2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері**

2.1 **Мақсаты:** Қарағанды тарихын зерделеу және қаланың дамуына елеулі үлес қосқан адамдар туралы бейнерепортаж жасау арқылы балалардың өлкетануға деген қызығушылығын ояту.

**2.2 Міндеттері:**

- отансүйгіштік пен кіші отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру;
- туған өлкенің тарихы мен қазіргі заманның талаптарына сай балалардың шығармашылық әлеуетін ашу.

**3. Байқауды өткізу тәртібі мен мерзімдері**

3.1 Байқау жұмыстарына қойылатын талаптарға жауап беретін жеке бейнеролик байқау жұмысы болып табылады.

3.2 Байқаудың мазмұны байқау жұмыстарын жинау және қарау болып табылады, оның қорытындысы бойынша жеңімпаздар айқындалатын болады.

3.3 Өтінімдерді қабылдау (байқауға қатысушы өтінім үлгісін қаранды) 2024 жылғы 1 қарашаға дейін қоса алғанда Ұйымдастырушының [odb\\_abai@mail.ru](mailto:odb_abai@mail.ru) электрондық поштасы арқылы жүзеге асырылады.

3.4 Байқау жұмысы 2024 жылғы 15 қарашаға дейін қоса алғанда Ұйымдастырушының электрондық поштасы арқылы Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасына ұсынылуы тиіс [odb\\_abai@mail.ru](mailto:odb_abai@mail.ru).

3.5 Байқау жұмыстарын бағалауға құзыретті қазылар алқасы тартылады. Қазылар алқасының құрамын байқаудың ерекшелігін ескере отырып, Ұйымдастырушы дербес айқындайды. Сараптама комиссиясының құрамы мен шешімдері талқылауға жатпайды.

3.6 Байқау жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі 2024 жылғы 22 қарашада өтеді. Өткізу күні мен уақыты қатысушылардың назарына қосымша жеткізіледі.

3.7 Ұсынылған байқау жұмыстарының мазмұны үшін Ұйымдастырушылар жауапты болмайды.

#### **4. Қатысушыларға және байқау жұмыстарына қойылатын талаптар**

4.1 Байқауға қатысуға 8-10 сыйып оқушылары шақырылады.

4.2 Байқаудың бір қатысушысынан 1 (бір) шығармашылық жұмыс қабылданады, ұжымдық жұмыстар қабылданбайды.

4.3 Байқау жұмысындағы бейне жұмыстың ұзактығы (хронометражы) 2 минуттан аспайтын, 300 Мб-тан аспайтын, дыбысы жақсы жазылған mp4 форматында бейнерепортаж болып табылады, кескіннің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін 1930x1080 пиксель кеңейтімін пайдалану ұсынылады.

4.4 Бейнероликтің мазмұны Байқаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес болуы тиіс.

4.5 Байқауға қатысушы байқау жұмысын құру кезінде авторлық құқықты және заңнамада көзделген басқа да талаптарды толық көлемде сақтауға міндеттеледі. Заңнама бұзылған жағдайда байқауға қатысушы жауапкершілікті өзі көтереді.

4.6 2024 жылғы 15 қарашада Ұйымдастырушы #қарағандыныңөшпесесімдері хәштегімен YouTube арнасына дауыс беру үшін жұмыстарды жүктейді. 20 қараша күні сағат 12.00-де дауыс беру тоқтатылады. Ең көп қаралған ролик «Көрермен көзайымы» номинациясының жеңімпазы атанады.

#### **5. Қазылар алқасының жұмысы, жұмысты бағалау критерийлері**

5.1 Қазылар алқасының жұмысы 2024 жылғы 19 қарашадан 21 қарашаға дейін онлайн түрде жүзеге асырылады. Ұйымдастырушы қазылар алқасының жұмысы мен жеңімпаздарды объективті анықтау үшін барлық қажетті жағдайларды жасауға міндеттенеді.

5.2 Осы Ереженің талаптарына сәйкес келетін жұмыстар ғана қаралады.

5.3 Жұмыстарды бағалау кезінде қазылар алқасының мүшелері мынадай өлшем шарттарды басшылыққа алуға міндеттенеді:

- бейнеролик регламентінің сәйкестігі;
- бейнерепортаждың мазмұны (сюжеттің толықтығы мен мазмұны, сауаттылығы);
- шығармашылық тәсіл (идеяның өзіндік ерекшелігі мен шығармашылығы, композициялық шешім, біріншай стильді сақтау).

5.4 Қазылар алқасы жұмысының қорытынды нәтижелері салтанатты марапаттау рәсімінде жарияланады және кітапхана сайтында орналастырылады [www.odb-abai.kz](http://www.odb-abai.kz).

## 6. Қатысуышыларды марапаттау

6.1 Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы I, II, III орындар мен номинациялардың жеңімпаздарын анықтайды.

6.2 Байқау жеңімпаздары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады:

I орын-гироскутер,

II орын-смарт-сағат,

III орын - үрлемелі орындық,

номинациялар бойынша ынталандыру сыйлықтары - акустикалық жүйе.

6.3 Барлық қатысуышыларға электрондық сертификаттар жіберіледі.

6.4 Жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар беріледі.

## 7. Байқауды ұйымдастырушының жауапкершілігі

7.1 Ұйымдастыруши байқауды ұйымдастыру және өткізу сапасына, сондай-ақ өз өкілеттігі шегінде байқауға қатысуышылардың барлығының занды мүдделерін қорғауға жауапты.

7.2 Ұйымдастыруши байқауға қатысуышылардың кез келгенінің занды мүдделерін немесе ұйымдастырушының кінәсінен емес және Ұйымдастырушыға тәуелсіз себептер бойынша орын алған басқа да құқықтық тәртіп нормаларын бұзғаны үшін жауапты болмайды.

7.3 Ұйымдастырушының занды мекенжайы: Қарағанды қ., Бұқар жырау даңғылы, 30 үй, электрондық пошта [odb\\_abai@mail.ru](mailto:odb_abai@mail.ru).

7.4 Байланысушы тұлға: Подгайнова Марина Николаевна, тел. 8 (701) 66-74-998, 8(7212)41-23-26; e-mail: [odb\\_abai@mail.ru](mailto:odb_abai@mail.ru)